

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В096 – Құқық қорғау қызметі

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Қылмыстық заң және қылмыстық құқық бұзушылық	01	Қылмыстық құқық түсінігі. Қылмыстық құқық міндеттері, функциялары және принциптері.	Қылмыстық құқық ұғымдарын, міндеттерін, функциялары мен принциптерін анықтау
		02	Қылмыстық заң түсінігі, құрылысы және ұғымы.	Қылмыстық заң туралы түсінікке ие болады және құрылымы мен мағынасын түсіндіре алады
02	Қылмыстық құқық бұзушылық	03	Қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі және белгілері. Қылмыстың жіктелуі.	Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы мен белгілерін түсіндіреді, қылмыстардың жіктелуін және санаттарын айқындайды
		04	Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы. Қылмыс істеу сатылары	Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын, қылмыстың жасалу сатысын игереді және әрбір кезеңге нақты анықтама бере алады
		05	Қылмысқа қатысу. Қылмыстың көптігі.	Қылмыстың күрделілігін сипаттайды және қылмыстың көптігін анықтайды

03	Жаза тағайындау. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату	06	Жаза ұғымы және белгілері. Жаза жүйесінің ұғымы Жаза тағайындаудың ҚР-нің қылмыстық кодексіндегі жалпы негіздері,	ҚР Қылмыстық Кодексі бойынша жазаның ұғымдары мен белгілерін, жаза жүйесін және жаза тағайындаудың жалпы бастауларын анықтау
		07	Қылмыстық жауаптылықтан босату Қылмыстық жазадан босату	Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату туралы ұйғарымды түсіндіру
04	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.	08	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазаның түрлері.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілік белгілерін сипаттай алады. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлерін бөліп көрсетеді
		09	Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.	Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды айқындайды және сипаттайды
		10	Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.	Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлерін айқындайды
05	Қылмыстық құқық ерекше бөлімі түсінігі	11	Қылмыстық құқық ерекше бөлімінің түсінігі және ұғымы	Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің түсінігі мен мағынасын түсіндіреді
		12	Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жіктелуі	Құқық бұзушылықтарды саралаудың негіздерін белгілейді
06	Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	13	Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	Жеке тұлғаға қарсы құқық бұзушылықтарды сипаттайды
		14	Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	Денсаулыққа қарсы құқық бұзушылықтарды сипаттай алады
		15	Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	Отбасына қарсы құқық бұзушылықтарды сипаттайды
		16	Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	Кәмелетке толмағандарға қарсы құқық бұзушылықтарды сипаттайды

07	Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар	17	Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.	Адам мен азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасын анықтайды
		18	Адамның және азаматтың өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	Адамның және азаматтың өзге де құқықтары мен бостандықтарына қол сұғу түрлерін айқындайды
		19	Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы	Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасын түсіндіреді
		20	Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтары	Әскери құқық бұзушылықтардың түрлерін сипаттайды және ажыратады
08	Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар	21	Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы	Меншікке қарсы құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасын анықтайды
		22	Меншікке қарсы талан-тараж белгісі жоқ пайдакүнемдік қылмыстар	Ұрлық белгілері жоқ меншікке қарсы пайдакүнемдік құқық бұзушылықтарды анықтайды
		23	Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы	Экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасын анықтайды
09	Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	24	Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	Халық денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін түсіндіреді және бөледі
		25	Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	Адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін түсіндіреді және анықтайды
	Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар	26	Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы	Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасын анықтайды

10	Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар	27	Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы	Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасын айқындайды
	Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар	28	Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы	Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасын анықтайды
11	Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар	29	Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы	Көліктік қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасын анықтайды
		30	Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы	Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасын анықтайды

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контексті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Конституция, 1995 г.
2. Уголовный кодекс Республики Казахстан, 2014 г.
3. Уголовный закон Республики Казахстан. Общий частный учебник 2-е изд., переработанное и дополненное/под редакцией доктора юридических наук, профессора, заслуженного деятеля науки РФ Ревина В.П. – Алматы: Семь уставов, 2015. – 504 с.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы



 М. Рахымбек
(қолы) (Т.А.Ә)

«15» қыркүйек 2022 ж.

 

 